

Ұлы қытай қорғаны



## Чу[өңдеу]

Ең ертедегісі 656 ЗБ ж. немесе одан көп бұрын салынған. Бұл Қытай тарихында Чунчиу шидай деген кезеңіне тура келеді. Қытайдың орта және терістік бөлігінде көптеген ұсақ мемлекеттер болған, соның ішіндегі Чу мемлекеті жаудан қорғану үшін осы қорғанды салған. Әне содан бастап әр қайсы мемлекет қорған салып, қорғаныс орнатқан. Жасаған қорғандарының бірнеше жүз км ұзындығынан 1,2 мың км дейін жеткен.

## Чин[өңдеу]

221 ЗБ ж. Чин әулеті патшасы — Чин Шыхуаң Қытайды бірлікке келтіреді. Солтүстіктегі көшпенді ғұндар оңтүстікке жасаған шапқыншылығын бөгеу үшін, патша солтүстікте салынған ішінара қорғандарды бір-біріне тұтастыру бұйрығын түсіреді. Ол тұстағы қорғанның жалпы ұзындығы 5000 км жеткен әрі сол тұстан бастап «Ұлы Қорған» деп атала бастаған.

## Хан[өңдеу]

Хан әулеті (206 ЗБ—220) тұсында, қытайлар мен ғұндар арасында үнемі соғыс болып тұрады да, Хан патшалығы «Ұлы Қорғанды» батысқа қарай соза түсіп, жалпы ұзындығын мөлшермен 10 мың км жеткізеді. Бұл ханзулар тарихындағы ең ұзын қорған есептелінеді. Хан патшалығының бұлай істеуі, жаңа ашылған «Жібек Жолын» қорғау үшін де еді.



Манғолиядан табылған Қытай қорғаны